

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
«10» шілде_2020 ж. №6 хаттамасына
№13 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді
«10» шілде 2020 ж. № 6 хаттама

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының
экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну қағидалары
(2022 жылғы 23 желтоқсандағы мәліметтер бойынша өзгерістер мен
толықтыруларды ескере отырып)**

Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу
«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар Кеңесінің «___»_____20___ж. № ___шешіміне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді	

Мазмұны

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну қағидалары	1
Мазмұны.....	3
1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Қағидаларда пайдаланылатын анықтамалар мен ұғымдар.....	4
3-тарау. Шартты банк салымы шарттарында көзделетін орналастырылған салымдарды беру талаптары және оларды қайтару тәртібі.....	7
4-тарау. Қоғамның шартты банк салымдары қаражатынан экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну шарттары	8
5-тарау. Эмитент банктерге Экспорттық саудалық қаржыландыруды беру тәртібі	9
6-тарау. Шетелдік контрагенттерге/Шетелдік кредит ұйымына Экспорттық саудалық қаржыландыруды беру тәртібі.....	10
7-тарау. Шартты банк салымы шартындағы Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	11
8-тарау. Мониторинг.....	12
9-тарау. Шартты банк салымы шартында көзделген растаулар мен кепілдіктер	12
10-тарау. Шартты банк салымы шарты бойынша орналастырылған ақшаны өтеу	12
11-тарау. Қосымша шарттар.....	13
12-тарау. Қорытынды ережелер.....	13

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну) Қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, соңғы редакциядағы Құжаттық аккредитивтерге арналған біріздендірілген ережелер мен әдет - ғұрыптарға, «KazakhExport» ЭСК» АҚ (бұдан әрі-Қоғам) Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Шартты банк салымдарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде бөлінген ақша есебінен орналастыру жолымен Экспорттық саудалық қаржыландыруды беру тәртібі мен шарттарын реттейді.

3-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

3. Осы Қағидаларға сәйкес Қоғам Экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну үшін банктерде Шартты банктік салымдар түрінде ақша орналастырады:

1) алынған қайтарылмайтын расталған аккредитивтер шеңберінде.

Қоғам Банкпен аккредитивті сақтандыру шартын жасасады, ал банк эмитент банктің аккредитивіне өзінің растауын қосады.

2) Банк пен шетелдік контрагент арасында жасалған кредиттік шарт шеңберінде.

3) Банк пен Шетелдік кредиттік ұйым арасында жасалған Банкаралық қарыз шарты шеңберінде.

Қоғам банктің Шетелдік контрагенттерге және Шетелдік кредиттік ұйымдарға Экспорттық саудалық қаржыландыруды беруі шеңберінде Банк пен Шетелдік контрагент арасында жасалған Кредиттік шарт немесе Банк пен Шетелдік кредиттік ұйым арасында жасалған Банкаралық қарыз шарты болған кезде Қарызды сақтандырудың үш жақты шартын жасасады.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде бөлінген ақша есебінен экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну шарттары осы Қағидалардың шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

5. Қоғамның Банкке Шартты банк салымын орналастыруы тараптар арасында жасалған Шартты банк салымының тиісті шарттары негізінде Банкте ашылған жинақ шотына ақша аудару жолымен траншпен немесе бір мезгілде жүзеге асырылады.

6. Әрбір транштың сомасы шартты банк салымының тиісті шартымен айқындалады.

7. Қоғам Банк тарапынан осы Ережелердің талаптарын бұзушылықтарды анықтаған, орналастырылған салымдар бойынша қаражатты игермеген/толық игермеген жағдайда, Қоғам Банкке келесі шартты банк салымын орналастыруды тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

2-тарау. Қағидаларда пайдаланылатын анықтамалар мен ұғымдар

8-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

8. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

1) **Аккредитив**-ол қалай аталса да немесе белгіленсе де, қайтарып алынбайтын болып табылатын және эмитент-банктің аккредитив бойынша төлем міндеттемесін орындауды немесе тиісті түрде ресімделген ұсынымды, сондай-ақ резервтік аккредитивтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, жүзеге асыруға қатаң міндеттемесі болып табылатын кез келген келісім;

2) **Аппликant**-өтініші бойынша аккредитив қойылған тарап;

3) **Базалық мөлшерлеме**-Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін банктер үшін өтімділікті тарту деңгейінің негізгі индикаторы;

- 4) **Банк-Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері (ЕДБ) және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ;**
- 5) **Эмитент-банк-Аппликанттың өтініші бойынша немесе өз атынан Аккредитив шығаратын шетелдік банк;**
- 6) **Банктік қарыз** -төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен банктің шетелдік контрагентке беретін ақша сомасы;
- 7) **Бенефициар**-пайдасына Аккредитив қойылған тарап;
- 8) **Банкаралық қарыз шарты** - қалай аталса да немесе белгіленсе де, Банк пен Шетелдік кредиттік ұйым арасындағы келісім, оның шарттарына сәйкес Банк осы келісімде көзделген мөлшерде және шарттарда Шетелдік кредиттік ұйымға ақшалай қаражат (қаржыландыру) береді, ал Шетелдік кредиттік ұйым алынған ақшалай соманы уақтылы қайтаруға және сыйақыны төлеуге міндеттенеді. Банкаралық қарыз шарты SWIFT байланыс арнасы бойынша аутентификацияланған хабарлама түрінде ресімделуі мүмкін.
- 9) **Аккредитивті сақтандыру шарты** - құжаттық аккредитивтерді сақтандыру туралы шарт, онда қоғам эмитент банктің қайтарып алынбайтын расталған аккредитиві бойынша Банкке сақтандыру өтеуін ұсынады;
- 10) **Қарызды сақтандыру шарты**-оған сәйкес шетелдік контрагент немесе Шетелдік кредиттік ұйым сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенетін, ал Қоғам сақтандыру жағдайы басталған кезде банкке сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін қарыздарды ерікті сақтандыру шарты;
- 11) **Шартты банк салымы шарты** - оған сәйкес Банк Қоғамнан ақша қабылдауға, ол бойынша сыйақы төлеуге және салымды осы түрдегі салым үшін заң актілерінде және шартта көзделген талаптар мен шарттарда қайтаруға міндеттенетін шарт;
- 12) **Банктің өтініші**-экспорттық қайтарып алынбайтын құжаттамалық расталған аккредитивті сақтандыруға немесе Шетелдік кредиттік ұйымның қарызын ерікті сақтандыруға өтініш;
- 13) **Бенефициардың/Экспорттаушының өтініші** – экспорттық қайтарып алынбайтын құжаттамалық расталған аккредитивті сақтандыруға немесе қарызды ерікті сақтандыруға өтініш;
- 14) **Шетелдік контрагенттің өтініші** – қарызды ерікті сақтандыруға өтініш;
- 15) **Шетелдік контрагент** – экспорттаушылар өндірген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алатын және оларды пайдалану мен тұтыну үшін экспорт межелі еліне әкелетін заңды тұлға, оның ішінде шет мемлекеттің лизингтік компаниясы;
- 16) **Шетелдік кредиттік ұйым** - кредиттік ұйым, оның ішінде Шетелдік контрагентке қаржыландыруды ұсынатын шет мемлекеттің лизингтік компаниясы;
- 17) **Келісімшарт**-Қазақстан Республикасы резиденттерінің тауарларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге өткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге байланысты мәмілелері.
- 18) **Негізгі мөлшерлеме** – Ресей Федерациясының Орталық Банкі анықтайтын ақша-кредит саясатының негізгі индикаторы;
- 19) **Кредиттік шарт**-оған сәйкес Банк шетелдік контрагентке шартта көзделген мөлшерде және талаптарда ақшалай қаражат (қарыз) беруге міндеттенетін, ал шетелдік контрагент алынған ақша сомасын қайтаруға міндеттенетін Банк пен шетелдік контрагент арасындағы шарт. Бұған қоса, кредиттік шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нысандарда жасалуы мүмкін;
- 20) **Сақтандыру объектісі**-Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру жағдайларының нәтижесінде эмитент банктің банк алдындағы міндеттемелерін орындамаған кезде туындайтын шығындарға байланысты Банктің мүлктік мүддесі;
- 21) **Негізгі борыш**-Банк Кредиттік шарт бойынша Шетелдік контрагентке немесе Эмитент банкке/Аккредитив бойынша шетелдік кредиттік ұйымға/Банкаралық қарыз шарты

бойынша ол бойынша есептелген сыйақысыз кредитке берген ақшаның нақты сомасы;

22) **Ақшаны игеру-** Қоғамның салымы есебінен Банктің Шартты банк салымы шарттарында және Сақтандыру шарттарында көрсетілген мерзімде және талаптарда Эмитент банкке/Шетелдік контрагентке/Шетелдік кредиттік ұйымға Экспорттық саудалық қаржыландыруды беруі;

23) **Растау-растаушы** банктің эмитент-банктің аккредитив бойынша төлем міндеттемесін орындауды немесе тиісінше ресімделген ұсынымды неогоциялауды жүзеге асыру міндеттемесіне қосымша қатты міндеттемесі;

24) **Растаушы банк-эмитент** банктің аккредитив бойынша төлем міндеттемесін орындауды немесе тиісінше ресімделген ұсынымды неогоциялауды жүзеге асыру міндеттемесіне қосымша ретінде өзіне міндеттеме қабылдайтын банк;

25) **Расталған аккредитив-растайтын** банктің қосымша міндеттемесі туралы белгіні қамтитын аккредитив;

26) **CIRR мөлшерлемесі** --экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (OECD) кіретін елдерде экспорттық-кредиттік агенттіктер белгілеуі мүмкін Экспорттық кредиттер бойынша ең төменгі ресми пайыздық мөлшерлеме;

27) **Сақтандыру сомасы-сақтандыру** объектісі сақтандырылған және сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде Қоғам жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

28) **Шартты банк салымы-банк шартты банк салымының** жекелеген шарттарында белгіленген талаптар және тәртіппен пайдаланатын салым

29) **Есептік мөлшерлеме-Америка Құрама Штаттарының** Федералдық резервтік жүйесі мен Еуропалық Орталық Банк анықтайтын ақша-кредит саясатының негізгі индикаторы;

30) **Экспорттаушы-қазақстандық** тауарлардың/ жұмыстардың/ қызметтердің экспортына шетелдік контрагентпен келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе жеке кәсіпкері;

31) **Экспорттық саудалық қаржыландыру-банктің** эмитент банкке/шетелдік контрагентке Қазақстанда шығарылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін келісім-шарт бойынша төлем жасау үшін шартты банк салымын орналастыру үшін қаржыландыруды ұсынуы;

32) **Эмитент-банкті/Шетелдік кредиттік ұйымды экспорттық саудалық қаржыландыру** - банктің соңғы шығарған аккредитив шеңберінде Қазақстанда шығарылған тауар/қызметтер/жұмыстар үшін төлем жасау үшін эмитент банкке қаржыландыру беруі;

33) **Шетелдік контрагентті экспорттық саудалық қаржыландыру-Банктің** Эмитент-банкке/Шетелдік кредиттік ұйымға соңғының шығарған Аккредитив немесе Банкаралық қарыз шарты шеңберінде келісімшарт/Қазақстанда шығарылған тауар/көрсетілетін қызметтер/жұмыстар үшін ақы төлеу үшін қаржыландыру беруі;

34) **SWIFT-бүкіл** әлемдегі қаржы мекемелеріне қауіпсіз, стандартталған және сенімді нысанда қаржылық операциялар туралы ақпаратты жіберуге және алуға мүмкіндік беретін ақпаратты беру және төлемдерді жасаудың Халықаралық банкаралық жүйесі;

35) **UCP-Халықаралық сауда палатасының** Банк комиссиясы әзірлеген және бекіткен Құжаттамалық аккредитивтер нысанында есеп айырысудың халықаралық практикасының қағидалары түрінде жинақталған және тұжырымдалған құжаттық аккредитивтерге арналған біріздендірілген ережелер мен әдет-ғұрыптар.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар, егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағиданың мәтіні бойынша жалғыз немесе көпше түрде, бас немесе кіші әріппен пайдалануға қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

3-тарау. Шартты банк салымы шарттарында көзделетін орналастырылған салымдарды беру талаптары және оларды қайтару тәртібі

9. Қоғам ақшаны Шартты банк салымы шартына сәйкес ақшаны мақсатты пайдалану, мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық талаптарын сақтай отырып, банктерге орналастырады. Шартты банк салымы шарттары банк растаған және бенефициардың пайдасына ашылған эмитент банктің аккредитивін сақтандыру шарты немесе қарызды сақтандыру шарты болған кезде жасалады.

10. Банктер осы Қағидаларда көзделген қаражатты тек экспорттық саудалық қаржыландыруды осы Қағидаларда және Шартты банк салымының жекелеген шарттарында көзделген мақсаттарға беру үшін пайдалануға міндетті. Қоғам ақшасының осы нысаналы мақсаты Банктің дербес өзгертуіне жатпайды.

11. Қоғамның банктерге Шартты банк салымдарын орналастыру мерзімін қоғам айқындайды.

12. Қоғамның Шартты банк салымы шарты Экспорттық саудалық қаржыландыру шеңберінде Аккредитивті сақтандыру шарты/қарызды сақтандыру шарты болған кезде жасалады.

13-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне сәйкес мынадай редакцияда жазылсын (№14 хаттама).

13. Шартты банктік салым валютасы – аккредитив/банктік қарыз/банкаралық қарыз шарты валютасында.

14. Қоғам банкте орналастыратын Шартты банк салымы бойынша сыйақы мөлшерлемесі әрбір Шартты банк салымы бойынша Қоғамның активтері мен пассивтерін басқару жөніндегі Кеңестің шешімімен айқындалады.

15. Банк төлейтін сыйақы Шартты банк салымы шарттарының талаптарына сәйкес есептеледі.

16. Банктердің Қоғамның орналастырылған ақшасын өтеу тәртібі Шартты банк салымы шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Қоғамның ақшасын орналастыру мерзімі Шартты банк салымы шарттарында көрсетілген деректемелер бойынша Қоғамның банктегі жинақ шотына қоғамның ақшасы түскен күннен басталады және ол толық қайтарылған күнмен аяқталады. Тиісті Шартты банк салымы шартының деректемелерінде көрсетілген Қоғамның ағымдағы банк шотына ақша толық көлемде түскен күн ақшаны қайтару күні болып табылады.

18-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

18. Банк алдында қаржыландыруды толық немесе ішінара өтеу кезінде, бұдан бұрын банкке Шартты банк салымы ретінде орналастырылған және Банк алдында өтеу есебінен босатылған Қоғамның ақшасы шартты банк салымы шартының тиісті деректемелерінде көрсетілген Қоғамның шотына қайтарылуы тиіс.

19. Қоғамның Шартты банк салымының мөлшері тиісті аккредитивті сақтандыру шарты/қарызды сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

20. Қоғам Шартты банк салымдарын орналастырудың және қаржыландырудың өзге де шарттарын көздеуі мүмкін.

21-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

21. Банк маржасы Қоғамның Шартты банктік салымдары есебінен эмитент банктің экспорттық саудалық қаржыландыруы бойынша расталған аккредитивтер шеңберінде жылдық 2%-дан (екі пайыздан) аспауы тиіс. Банктің маржасы шетелдік контрагентке/шетелдік кредиттік ұйымға қоғамның Шартты банктік салымдары есебінен берілетін банктік қарыздар/қаржыландыруы шеңберінде теңгемен және Ресей рублімен қаржыландыру үшін жылдық 3 % (үш пайыз) және АҚШ долларымен және еуромен қаржыландыру үшін жылдық 2 % (екі пайыз) аспауы тиіс.

3-тарау Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне сәйкес мынадай редакцияда жазылсын (№14 хаттама).

21-1. Қоғам қаражатты Standard & Poors рейтингтік агенттігінің "B" - дан төмен емес жеке кредиттік рейтингі немесе мынадай рейтингтік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингтері бар банктерде орналастырады: Moody ' s Investors Service; Fitch Ratings. Бұл ретте қоғамда "KazakhExport "ЭСК" АҚ активтері мен міндеттемелерін басқару жөніндегі регламенттің талаптарына сәйкес, сондай-ақ уәкілетті реттеушінің талаптарына сәйкес белгіленген/есептелген ақшалай қаражатты орналастыруға лимиттері бар банктер қаралады.

22. Экспорттық сауданы қаржыландыру мақсаттарына мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бөлінген ақша есебінен шартты банк салымының валютасы, мерзімі, орналастыру мөлшерлемесі және ең жоғары мөлшері осы Қағидаларда көрсетілгендерден өзгеше болуы мүмкін. Мемлекеттік бағдарламаларда тікелей көрсетілмеген барлық басқа жағдайларда осы қағидалармен реттеледі.

4-тарау. Қоғамның Шартты банк салымдары қаражатынан экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну шарттары

23. Осы Қағидалар шеңберінде Шартты банк салымы шарттары бойынша Қоғамның қаражатын пайдалана отырып, банктердің экспорттық саудалық қаржыландыруды беруі Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынғандарды қоспағанда, бенефициардың/экспорттаушының/шетелдік контрагенттің барлық қызмет түрлері бойынша жүзеге асырылады.

24-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

24. Банк мынадай шарттарды орындаған кезде экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсынуға құқылы:

1) Пайдасына Аккредитив шығарылған бенефициар Қазақстан Республикасынан тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді экспорттаушы болып табылады (эмитент банктің экспорттық саудалық қаржыландыруына қатысты);

2) Эмитент-банк шығарған аккредитив қайтарып алынбайтын болып табылады және UCS соңғы редакциясына бағынады (эмитент-банктің экспорттық саудалық қаржыландыруына қатысты).

3) Аккредитивті сақтандыру шартының / қоғаммен қарызды сақтандыру шартының болуы, себебі сақтандыру Банкпен шартты банктік салым шартын жасасу үшін міндетті шарт болып табылады;

4) Банктің/Бенефициардың/Экспорттаушының / Шетелдік контрагенттің/Шетелдік кредиттік ұйымның қоғамның атына сақтандыру қорғанысын және экспорттық саудалық қаржыландыруды беру туралы өтінішінің болуы;

5) Эмитент банкке/Шетелдік контрагентке/Шетелдік кредиттік ұйымға қаржыландыруды ұсыну мерзімі қоғамның Шартты салымды Банкке орналастыру мерзіміне сәйкес келеді;

6) Эмитент банк/Шетелдік контрагент/Шетелдік кредиттік ұйым үшін экспорттық саудалық қаржыландырудың жалпы құны жылдық мәнде мынадай формула бойынша есептеледі:

Экспорттық сауданы қаржыландырудың жалпы құны = [Д]% + [Т]% + [Б]%,
мұндағы

[Д] - шартты банк салымы бойынша сыйақы мөлшерлемесі (жылдық%). Бұл мән Қоғамның Активтері мен пассивтерін басқару жөніндегі Кеңестің шешімімен айқындалады.

[Т] - аккредитивті сақтандыру шарты/қарызды сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тарифінің мөлшерлемесі (жылдық%). Осы тариф бойынша мән сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, қоғамның тарифтік саясатына сәйкес

белгіленеді;

[Б] - Банк маржасы (жылдық%). Бұл мән Эмитент банкті АҚШ долларымен және еуромен қаржыландыру үшін 2%-дан (екі пайыздан) және эмитент-банкті/шетелдік контрагентті/шетелдік кредиттік ұйымды теңгемен және Ресей рублімен қаржыландыру үшін 3% - дан (үш пайыздан) аспауы тиіс.

25. Шартты банк салымы және банк маржасы бойынша сыйақы мөлшерлемесінің сомасы мынадай мөлшерде белгіленеді:

1) теңгемен қаржыландыру үшін-қаржыландырудың кез келген мерзімі кезінде базалық мөлшерлеменің кемінде жартысын;

2) ресей рублінде қаржыландыру үшін-қаржыландырудың кез келген мерзімі кезінде негізгі мөлшерлеменің кемінде жартысын;

3) АҚШ долларында қаржыландыру үшін-2 (екі) жылға дейінгі мерзімге қаржыландыру кезінде АҚШ доллары үшін есептік мөлшерлеменің кемінде жартысын және 2 (екі) жыл және одан астам мерзімге қаржыландыру кезінде АҚШ доллары үшін CIRR мөлшерлемесінен кем емес;

4) Еуромен қаржыландыру үшін-2 (екі) жылға дейінгі мерзімге қаржыландыру кезінде еуроға арналған есептік мөлшерлеменің кемінде жартысы және 2 (екі) жыл және одан астам мерзімге қаржыландыру кезінде еуроға арналған CIRR мөлшерлемесінен кем емес.

5-тарау. Эмитент банктерге Экспорттық саудалық қаржыландыруды беру тәртібі

26. Банк бекітілген нысандарға сәйкес Құжаттық аккредитивті сақтандыру туралы өтінішті және Бенефициардың/Экспорттаушының өтінішін Қоғамға жібереді. Банк бенефициардың/экспорттаушының өтінішін беруі мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам тікелей Бенефициарға/Экспорттаушыға жүгінуге және оны сұратуға құқылы.

27. Қоғам Банк ұсынған өтінішті қарайды және Қоғамның уәкілетті органының оң шешімі болған жағдайда Сақтандыру шартын жасасады.

28. Банк өзінің растауын қосады және Бенефициарға аккредитивті авизолауды жүзеге асырады.

29. Бенефициар тауарды жөнелтеді, Аккредитив талаптарына сәйкес құжаттарды Банкке ұсынады.

30. Банк Қоғамға құжаттардың сомасын, валютаны және мерзімін көрсете отырып, Шартты банк салымын орналастыруға сұрау жібереді. Банктің осы сұратуды жіберуі Банктің Аккредитив және UCP талаптарына сәйкес келетін құжаттарды акцептеуі туралы растауы болып табылады. Банктің Шартты банк салымын орналастыруға сұрау салуын алған кезде Қоғам Экспорттаушы Банкке ұсынған құжаттардың көшірмелерін сұрата алады.

31. Қоғам Банкпен Шартты банк салымы шартын жасасады және Шартты банк салымын Банкке орналастырады.

32. Банк Бенефициарға төлем жүргізеді және Эмитент банкті оған экспорттық саудалық қаржыландыру берілгені туралы хабардар етеді.

33. Өтеу күніне Банк Шартты банк салымын Шартты банк салымы шартының талаптарына сәйкес есептелген сыйақымен бірге Қоғамға қайтарады.

6-тараудың атауы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

6-тарау. Шетелдік контрагенттерге/Шетелдік кредиттік ұйымға Экспорттық саудалық қаржыландыруды беру тәртібі

34-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне сәйкес мынадай редакцияда жазылсын (№14 хаттама)

34. Шетелдік контрагент/Шетелдік кредиттік ұйым Қоғамға қарызды ерікті сақтандыруға өтініш жібереді және Экспорттаушы өзінің өтінішін бекітілген нысанға сәйкес жібереді.

35-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

35. Қоғам қарызды ерікті сақтандыруға берілген өтініштерді қарайды және Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығарады. Оң шешім болған жағдайда:

1) Банк Келісімшарттың/Инвойстың/Спецификацияның/Жөнелтудің сомасына Шетелдік контрагентпен Кредиттік шартқа немесе Шетелдік кредиттік ұйыммен Банкаралық қарыз шартына қол қояды;

2) Қоғам қоғам, банк және шетелдік контрагент/шетелдік кредиттік ұйым арасындағы қарызды сақтандырудың үш жақты шартына қол қояды.

36. Тауарды тиіп жөнелткеннен / жұмыстар орындалғаннан / қызметтер көрсетілгеннен кейін Экспорттаушы Банкке Келісімшарт талаптарына сәйкес Экспорттаушының міндеттемелерді орындағанын растайтын құжаттарды ұсынады.

37. Банк Қоғамға құжаттардың сомасын, валютаны және мерзімін көрсете отырып, Шартты банк салымын орналастыруға сұрау жібереді. Банктің Шартты банк салымын орналастыруға сұрау салуын алған кезде Қоғам Экспорттаушы Банкке ұсынған құжаттардың көшірмелерін сұратады.

38. Қоғам Банкпен Шартты банк салымы шартын жасасады және Шартты банк салымын Шартта көрсетілген талаптарда Банкке орналастырады.

39. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (№14 хаттама) алынып тасталды.

40-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

40. Банк Экспорттаушыға төлем жүргізеді және Шетелдік контрагентке/Шетелдік кредиттік ұйымға қаржыландыру берілгені туралы хабарлайды.

41-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

41. Шетелдік контрагенттің/Шетелдік кредиттік ұйымның қарызды өтеу күніне Банк Шартты банк салымын Шартты банк салымы шартының талаптарына сәйкес есептелген сыйақымен бірге Қоғамға қайтарады.

7-тарау. Шартты банк салымы шартындағы Тараптардың құқықтары мен міндеттері

42-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

42. Қоғам құқылы:

1) Банктің осы Қағидаларға сәйкес орналастырылған ақшаны игеруі мен мақсатты пайдалануын (осы Қағидалардың 5 және 6-тарауларына сәйкес), сондай-ақ Банктің осы Қағидаларда белгіленген экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну шарттарын сақтауын тексеруге;

2) Банктен осы Қағидаларға сәйкес экспорттық сауданы қаржыландыру үшін бөлінетін Қоғамның ақшасын игеру жөніндегі қажетті жедел ақпаратты сұратуға;

3) Шартты банк салымы шарттары бойынша сомаларды мерзімінен бұрын қайтаруды және/немесе Шартты банк салымы шарттары мен осы Қағидалардың талаптарын мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге;

- осы Қағидалар шеңберінде Қоғамның Шартты банк салымын және/немесе Шартты банк салымы шарттары бойынша сыйақыны банктің уақтылы және/немесе толық аудармауы жағдайында;

- Банктің қоғамның Шартты банк салымының қаражатын мақсатсыз пайдалануы жағдайында;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Банкті төлемге қабілетсіз деп жариялағанда;

- Банктің рейтингтік бағасының Standard&Poor's шкаласы бойынша "B" деңгейінен немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтік бағаларының тиісті деңгейінен төмен төмендеуі (Қазақстан Республикасының егемендік рейтингінің төмендеуі салдарынан рейтингті автоматты түрде төмендету жағдайларын қоспағанда);

- АҚШ Үкіметінің, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің, Еуропалық одақтың, Ұлыбританияның Банкке халықаралық, экономикалық немесе қаржылық санкциялар салуы;

- ҚР заңнамасында сақтандыру қызметін реттейтін өзгерістердің болуы;

- Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің пруденциалдық нормативтерін дәйекті түрде 3 ай ішінде орындамауы;

- Шартты банктік салым шарттары бойынша және осы Ережеге сәйкес Банк тарапынан міндеттемелерді орындамаумен қоса жүретін өзге жағдайларда.

43-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

43. Осы Қағидалар шеңберінде экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну үшін Банк Қоғаммен келісім бойынша:

- 1) Экспорттаушыны таңдауға;
- 2) Эмитент банкті таңдауға;
- 3) Шетелдік контрагентті таңдауға;
- 4) Шетелдік кредиттік ұйымды таңдауға құқылы.

44-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

44. Банк міндетті:

1) осы Қағидалар шеңберінде Шартты банк салымының шартын жасаудың негізгі мақсатын сақтау-Экспорттаушыларды, Эмитент банктерді, Шетелдік кредиттік ұйымдарды және/немесе шетелдік контрагенттерді қолдауға қатысуға;

2) осы Қағидалар шеңберінде Шартты банк салымы шарттарына сәйкес бөлінетін Қоғамның ақшасын қабылдауға;

3) шарттар мен тәртіпке сәйкес, сондай-ақ осы Қағидаларда көрсетілген мерзімде Экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсынуға;

4) Шартты банк салымы шартының қолданылуы аяқталғанға дейін Шартты банк салымы шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Қоғамның алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға бермеуге және басқаға бермеуге міндетті.

5) осы Қағидалардың 42-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда Шартты банк салымы шарттары бойынша салымдар мен есептелген сыйақы сомасын салым орналастырылған күндердің нақты санына есептелген Шартты банк салымы шартында белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша Қоғамның бірінші дәлелді жазбаша талабын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қайтару.

8-тарау. Мониторинг

45. Шартты банк салымы шартында осы Қағидалардың қолданылу мерзімі ішінде Қоғам Банктің Қоғам ақшасын игеруіне және мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізуге, Банк өкілдерінің Банкке шығуы арқылы Экспорттық сауда қаржыландыруын беру

талаптарын сақтауына тексеру жүргізуге және Банктің сақтандыру және коммерциялық құпияны сақтау талаптарын сақтай отырып, Банктен құжаттарды (уәкілетті тұлғаның қолымен және Банктің мөрімен расталған көшірмелер) сұратуға құқығы бар екендігі туралы талап болуы тиіс.

46. Шартты банк салымы шартында Банк Қоғам өкілдерінің жазбаша талабы бойынша мониторинг мақсатында Қоғам сұрататын шарттардың, төлем тапсырмаларының және өзге де құжаттардың банк куәландырған (уәкілетті тұлғаның қолымен және мөрмен) көшірмелерін ұсынуға міндетті екендігі туралы талап қамтылуға тиіс.

9-тарау. Шартты банк салымы шартында көзделген растаулар мен кепілдіктер

47. Шартты банк салымы шарттарында банктің мынадай кепілдік міндеттемесі болуға тиіс: «Банк барлық ақпарат, сондай-ақ қоғамға берілген (ұсынылған) немесе берілетін барлық құжаттама дәл және шындыққа сәйкес келетінін мәлімдейді және растайды. Қоғам берілген немесе берілетін құжаттаманың дұрыстығы мен нақтылығын тексеруге міндетті емес. Жалған, толық емес және/немесе дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік туралы Банкке ескертілді.»

10-тарау. Шартты банк салымы шарты бойынша орналастырылған ақшаны өтеу

48. Банк Қоғам орналастырған ақшаны қайтаруды және Банктік салым шартында және осы Қағидаларда белгіленген мерзімде талаптарға сәйкес өзге төлемдерді төлеуді қамтамасыз етеді.

49-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

49. Эмитент банк/Шетелдік кредиттік ұйым қаржыландыруды мерзімінде өтеген немесе мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, банк Шартты банк салымы шарттарында белгіленген мерзімде Қоғамға негізгі борыш сомасын, есептелген сыйақыны өтеу бойынша сөзсіз міндеттеме қабылдайды;

50. Егер төлем күні жұмыс істемейтін немесе мереке күніне келетін болса, төлем одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

51. Шартты банктік салым шарты бойынша Қоғамның бастамасы бойынша ақшаны мерзімінен бұрын қайтару Банктік салым шартында және осы Қағидаларда көзделген тәртіпте және жағдайларда мүмкін болады.

52. Банк кез келген уақытта, Қоғамға кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлай отырып, Банк Қоғамға нақты пайдаланған уақыт ішінде салымның негізгі сомасы бойынша төленуі тиіс барлық есептелген сыйақылар мен басқа да сомаларды төлеуі шартымен салымның негізгі сомасының барлығын немесе бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы және осы сәттен бастап Банктің Қоғам алдындағы ақшалай міндеттемелері тоқтатылады.

11-тарау. Қосымша шарттар

53. Тараптардың келісімі бойынша осы Ережеге сәйкес жасалатын Шартты банк салымы шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

11-тарау Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда 53-1-тармақпен толықтырылсын.

53-1. Шартты банктік салым шарттары қағаз тасығышта немесе электрондық форматта

ресімделеді. Шартты банктік салым шартына қол қою кезінде, егер бұл заңнамаға немесе Тараптардың бірінің талабына қайшы келмесе, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалануға рұқсат етіледі.

12-тарау. Қорытынды ережелер

54. Осы Қағаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

55. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешілуі тиіс.

56. Егер осы Қағидалардың ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келетін болса, Қоғам қызметкерлері қолданыстағы заңнаманың нормаларын басшылыққа алуы тиіс.

Келісу парағы

Жоба бойынша: «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесімен 2020 жылғы 10 шілдеде бекітілген, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну қағидалары

Әзірлеуші: Сақтандыру департаменті

ІНҚ иесі: Сақтандыру департаменті

Лауазымның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы	Қол қойылған күні
Басқарма төрағасының орынбасары	К.А. Мукажанов		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	А.К. Нурмухамбетов		
Комплаенс қызметінің басшысы	К.А. Кабсаматов		
Бизнес-аналитика департаментінің директоры	А.Б. Аманбаев		
Тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру андеррайтингі департаментінің директоры	Э.Б. Қуанбаев		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Л.Г. Шабарбаева		

Сақтандыру департаментінің директоры

А. Маженова